

Scientific article  
IRSTI 03.19.31



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-189-205>

## PUBLIC PERCEPTION OF KHOJA AHMED YASAWI AND HIS HERITAGE IN KAZAKHSTANI SOCIETY

<sup>a</sup>Laura NUKHSATKYZY <sup>ORCID</sup>, <sup>b</sup>Murat SMAGULOV <sup>ORCID</sup> ✉, <sup>a</sup>Madina BEKTENOVA <sup>ORCID</sup>

<sup>a</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>b</sup>*Islamic Research Center, Astana, Kazakhstan*

✉ [murat\\_smagulov@mail.ru](mailto:murat_smagulov@mail.ru)

**Abstract.** This article analyzes the features of the personality of Khoja Ahmed Yasawi and the perception of his teachings in modern Kazakhstan society. The article is based on the results of the republican sociological survey based on the sociological research report, "Public perception of the personality and spiritual heritage of Khoja Ahmed Yasawi in the Republic of Kazakhstan", conducted by the Qalam Foundation in October 2025. The study aims to evaluate the level of knowledge of the Kazakhstani people about Khoja Ahmed Yasawi and his teachings. The survey included 1018 respondents aged over 18 from every region of the Republic of Kazakhstan.

The results of the study show that the name of Khoja Ahmed Yasawi is widely known in society, but his teachings are not sufficiently studied in terms of content. The majority of respondents perceive Yasawi as a spiritual and symbolic person, while Sufi cannot clearly describe the basic principles of the teaching. The level of education and the nature of perception in relation to the teachings of Yasawi have significant differences in terms of region, age, and level of religiosity.

**Keywords:** Khoja Ahmed Yasawi; Sufism; religious studies; public perception; spiritual heritage; religious consciousness.

### For citation:

Nukhsatkyzy, L., Smagulov, M., Bektenova, M. (2026). Public perception of Khoja Ahmed Yasawi and his heritage in Kazakhstani Society. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 189-205. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-189-205>.

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МЕН ОНЫҢ МҰРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС

<sup>a</sup>Лаура НУХСАТКЫЗЫ, <sup>b</sup>Мурат СМАГУЛОВ, <sup>a</sup>Мадина БЕКТЕНОВА

<sup>a</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

<sup>b</sup>Ислам зерттеу орталығы, Астана, Қазақстан

## ОБЩЕСТВЕННОЕ ВОСПРИЯТИЕ ХОДЖИ АХМЕТА ЯСАВИ И ЕГО НАСЛЕДИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

<sup>a</sup>Лаура НУХСАТКЫЗЫ, <sup>b</sup>Мурат СМАГУЛОВ, <sup>a</sup>Мадина БЕКТЕНОВА

<sup>a</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>b</sup>Центр исламских исследований, Астана, Казахстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы мен оның ілімінің қазіргі Қазақстан қоғамындағы қабылдану ерекшеліктері талданады. Мақала «Qalam» қоры 2025 жылы қазан айында жүргізген «Қазақстан Республикасында Қожа Ахмет Ясауидің тұлғасы мен рухани мұрасының қоғамның қабылдауы» атты әлеуметтік зерттеу есебі негізіндегі республикалық социологиялық сауалнама нәтижелеріне негізделген. Зерттеу Қазақстан халқының Қожа Ахмет Ясауи және оның ілімі туралы білім деңгейін бағалауға арналған. Сауалнамаға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен 18 жастан асқан 1018 респондент қатысқан.

Зерттеу нәтижелері Қожа Ахмет Ясауи есімінің қоғамда кеңінен танымал екенін, алайда оның ілімінің мазмұндық тұрғыдан жеткілікті деңгейде меңгерілмегенін көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі Ясауиді рухани-символдық тұлға ретінде қабылдайды, ал сопылық ілімнің негізгі қағидаларын нақты сипаттап бере алмайды. Ясауи іліміне қатысты білім деңгейі мен қабылдау сипаты аймақ, жас ерекшелігі және діндарлық деңгейі бойынша елеулі айырмашылықтарға ие.

**Түйін сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи; сопылық; дінтану; қоғамдық қабылдау; рухани мұра; діни сана.

**Аннотация.** В данной статье анализируются особенности того, как в современном казахстанском обществе воспринимается личность Ходжи Ахмета Ясави и его духовное наследие. Статья основана на результатах республиканского социологического исследования «Общественное восприятие личности и наследия Ходжи Ахмета Ясави в Республике Казахстан», проведенного Фондом «Qalam» в октябре 2025 года. Исследование направлено на оценку уровня знаний казахстанского народа о Ходже Ахмете Ясави и его учении. В опросе приняли участие 1018 респондентов старше 18 лет из всех регионов Республики Казахстан.

Полученные результаты исследования свидетельствуют о том, что имя Ходжа Ахмеда Ясави широко известно в обществе, однако его учение недостаточно усвоено с содержательной точки зрения. Большинство опрошенных воспринимают Ясави как духовно-символическую личность, при этом не могут четко описать основные принципы суфийского учения. Анализ также показывает, что уровень знаний и характер восприятия наследия Ясави заметно варьируются в зависимости от региона проживания, возрастной группы и степени религиозности.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмет Ясави; суфизм; религиоведение, общественное сознание, духовное наследие, религиозное сознание.

### Дәйек сөз үшін:

Нухсаткызы, Л., Смагулов, М., Бектенова, М. (2026). Қазақстан қоғамындағы Қожа Ахмет Ясауи мен оның мұрасына қатысты қоғамдық көзқарас. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 189-205. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-189-205>.

## Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы түркі-мұсылман өркениетінің рухани тарихында ерекше орын алады. Ол XII ғасырда өмір сүрген көрнекті діни ойшыл, ақын және түркі сопылық дәстүрінің негізін қалаушы рухани ұстаз. Ясауидің қызметі Орта Азияда исламның жергілікті мәдениетпен үйлесімде дамуына айтарлықтай ықпал етті (Ясауи, 2016; Schimmel, 1975). Түркі дүниесінде ол рухани көшбасшы ретінде «Түркістан пірі» және «Түркістан хазіреті» атауларымен кеңінен танылды (Кіліс, 2018). Қожа Ахмет Ясауи ислам ғылымдарын терең меңгеріп, араб және парсы тілдерін жақсы білген (Таузі, 1996).

Қожа Ахмет Ясауи Сайрам өңірінде дүниеге келіп, жастайынан діни білім алған. Оның рухани қалыптасуында Арыстан бабпен байланысы маңызды рөл атқарды. Кейін ол Түркістан (Ясы) қаласына қоныстанып, сопылық ілімді түркі тілінде тарата бастады. Бұл оның ілімін кең әлеуметтік ортаға түсінікті әрі қолжетімді етті.

Ясауидің поэзиясы мен ілімі бүгінгі күнге дейін түркі-мұсылман қауымдарының рухани санасында өмір сүріп келеді. Оның ілімі шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат сатыларын біртұтас рухани жол ретінде ұсынды. Бұл құрылым түркі халықтарының дүниетанымына жақын болғандықтан, Ясауи ілімі кең тарады. Нәтижесінде Ясауи тариқаты кейінгі ғасырларда Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ аумағында ықпалды рухани мектепке айналды (DeWeese, 1994).

Оның басты еңбегі – «Диуани хикмет» исламдық мораль, рухани тазарту, кішіпейілділік пен адамгершілік сияқты құндылықтарды қарапайым әрі бейнелі тілмен жеткізген поэтикалық жинақ (Trimingham, 1971; Кенжеттаев, 2012). Ясауи тұлғасы сияқты, оның хикметтері де аймақтың исламды қабылдау үдерісінде маңызды рөл атқарды.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметі» ханафи-матуриди діни-ғылыми дәстүрі аясында қалыптасқанымен, ол сенуші қауымға әлдеқайда терең рухани мазмұн ұсынды. Әрбір бөлімі тұтас мағынаға ие жеке хикмет ретінде қабылданады. «Диуани хикметтің» Орталық Азия аумағында кең таралған бірнеше нұсқасы бар. Бұл еңбек ұзақ уақыт бойы ауызша дәстүрдің ажырамас бөлігі болып келгені белгілі (DeWeese, 2013).

Түркі тілінде, поэзия үлгісінде жазылған Ясауи хикметтері тек жаттауға арналған өлең жолдары емес. Олар діни рәсімдер мен рухани тәжірибе барысында айтылатын ілім ретінде қабылданады. Хикметтер рухани білімді, моральдық бағдарды және тұлғалық рухани трансформацияны жеткізеді деп саналады (Harris, 2019).

Ясауиге деген құрмет ол дүниеден өткеннен кейін де жалғасын тапты. Деректерге сәйкес, қайтыс болғаннан кейін екі ғасыр өткен соң Әмір Темір Ясауиді түсінде көріп, Бұхараға жорық жасауға аян алған. Бұл аян кейін тарихи оқиғалармен ұштасқан деп айтылады. Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи кесенесі – оған деген терең құрмет пен ризашылықтың белгісі ретінде тұрғызылған сәулет өнерінің бірегей ескерткіші (Sebecioğlu, 1996).

Қазақстан тарихында Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы тек діни қайраткер ретінде ғана емес, мәдени және символдық мәні бар тарихи феномен ретінде қалыптасты. Түркістандағы Ясауи кесенесі ғасырлар бойы зиярат орнына айналып, оның рухани беделін нығайтты. Бұл жағдай Ясауи мұрасының ұлттық мәдени жадта сақталуына және кейінгі кезеңдерде рухани-идеологиялық ресурс ретінде қабылдануына негіз болды (Асфендияров, 1998; Нуртазина, 2016).

Қазіргі Қазақстан қоғамы зайырлы даму моделін ұстанады. Соған қарамастан, дәстүрлі ислам мен тарихи діни тұлғалар қоғамдық санада маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алғанда Қожа Ахмет Ясауи тұлғасының қоғамдағы қабылдануын дінтанулық тұрғыдан зерттеу өзекті болып отыр. Бұл зерттеу теологиялық бағалауға емес, діни сананың, мәдени діндарлықтың және символдық қабылдаудың ерекшеліктерін эмпирикалық деректер негізінде талдауға бағытталған.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы мен оның рухани мұрасының қазіргі Қазақстан қоғамындағы қабылдану сипатын анықтау. Бұл мақсат Қазақстан халқының Ясауи ілімінің негізгі қағидаларымен қаншалықты таныс екенін айқындау міндетімен тығыз байланысты.

Аталған мақсатқа жету үшін зерттеу барысында бірнеше міндет қойылды:

- Қожа Ахмет Ясауидің тұлғасы және тарихи рөлі жөніндегі қоғамдық білім деңгейін анықтау;
- Ясауи ілімінің негізгі идеялары мен қағидаларымен таныстық дәрежесін айқындау;
- Ясауи ілімін қабылдау мен оған қатысты білім деңгейіндегі әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтарды талдау.

Аталған міндеттерге сәйкес зерттеу құрылымы төмендегі негізгі сұрақтарға жауапты қамтыды:

- Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы мен ілімі туралы хабардарлық деңгейі және қоғамдық қабылдау ерекшеліктері;
- Ясауи ілімінің тарихтағы, мәдениеттегі, тілдегі және ұлттық бірешейліктің қалыптасуындағы орны.

### **Зерттеудің әдіснамалық негіздері**

Зерттеу барысында сандық социологиялық әдіс қолданылды. Деректер 2025 жылы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде тұратын тұрғындар арасында онлайн форматта жүргізілген жаппай сауалнама арқылы жиналды. Онлайн-сауалнама тәсілі зерттеудің географиялық ауқымын кеңейтуге және әртүрлі өңірлердегі респонденттерді қамтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл әдіс деректерді жинау процесінің бірізділігін сақтауға және уақыттық тұрғыдан тиімді ұйымдастыруға жағдай жасады.

Зерттеуге Қазақстан Республикасының 18 жастан асқан ересек азаматтары қатысты. Қатысу ерікті түрде жүзеге асырылды, сауалнама анонимді форматта өтті және респонденттердің жеке деректері құпия сақталды.

Сауалнама құрылымы зерттеу мақсатына сәйкес әзірленді. Онда «иә/жоқ» форматындағы бинарлық сұрақтар, 1-ден 5-ке дейінгі Лайкерт шкаласы (1 – «толық келіспеймін», 5 – «толық келісемін»), сондай-ақ бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік беретін жабық сұрақтар қамтылды. Мұндай құрылым респонденттердің пікірін сандық тұрғыдан өлшеуге және алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуге мүмкіндік берді.

Іріктеу стратегиясы квоталау қағидатына негізделген стратификацияланған көпсатылы тәсіл арқылы жүзеге асырылды. Алдымен облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша халық санына сәйкес өңірлік квоталар белгіленді. Одан

кейін әр өңір ішінде қалалық және ауылдық тұрғындардың үлес салмағы ескеріліп, стратификация жүргізілді. Сонымен қатар іріктеме құрылымын қалыптастыру кезінде жыныстық және жас ерекшеліктері назарға алынып, олардың ресми статистикалық деректерге сәйкестігі қамтамасыз етілді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің жалпы жиынтық құрылымына барынша жақын болуына мүмкіндік берді.


Іріктеменің жалпы көлемі 1018 респондентті ( $n = 1018$ ) құрайды. Мұндай көлем 95% сенімділік деңгейінде шамамен  $\pm 3,1\%$  ықтимал қателік шегін қамтамасыз етеді, яғни алынған нәтижелерді зерттелетін жиынтыққа белгілі бір статистикалық дәлдікпен жалпылауға мүмкіндік береді. Репрезентативтілік өңірлік, демографиялық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша үлесті сәйкестендіру арқылы қамтамасыз етілді.

Қолданылған әдіснамалық және статистикалық тәсілдер зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

### **Зерттеу нәтижелерін талқылау**

#### **Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық портреті**

Зерттеуге қатысқан респонденттердің жасы теңгерімді түрде қалыптасқан:



1-сурет. Респонденттердің жас ерекшелігі

Іріктеменің негізгі бөлігін 30-49 жас аралығындағы респонденттер құрайды. Бұл еңбекке қабілетті әрі әлеуметтік белсенді топтың басым екенін көрсетеді. Жастар мен аға буын өкілдері де зерттеуде жеткілікті деңгейде қамтылды.

Респонденттердің гендерлік құрамы салыстырмалы түрде теңгерімді. Ерлердің үлесі – 47,9 %, әйелдер – 52,1 %. Бұл көрсеткіш нәтижелерді жыныс тұрғысынан салыстыра талдауға жағдай жасайды және бір жақты басымдықтың болмауын қамтамасыз етеді.

Сауалнама тіліне келсек, респонденттердің 26%-ы сұрақтарға қазақ тілінде, ал 74%-ы орыс тілінде жауап берген. Бұл көрсеткіш елдегі тілдік ахуалдың нақты көрінісін сипаттайды. Тілдік айырмашылықтар кей жағдайда ақпаратты қабылдау мен әлеуметтік мәселелерді бағалауға әсер етуі мүмкін болғандықтан, талдау барысында бұл фактор ескерілді.

Қатысушылардың 59,5%-ы қала тұрғындары болса, 40,5%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік орта, инфрақұрылымға қолжетімділік және ақпараттық ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері әртүрлі болуы ықтимал. Сондықтан бұл айырмашылықтар зерттеу нәтижелерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Қалалық тұрғындардың цифрлық кеңістікке қолжетімділігі жоғары болса, ауылдық аймақтарда дәстүрлі әлеуметтік байланыстар басым болуы мүмкін.

Өңірлік іріктеме халық саны мен қоныстану ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастырылды. Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан елеулі үлестің қамтылуы ірі урбанизацияланған орталардың пікірін көрсетуге мүмкіндік береді. Облыстар бойынша респондент саны 30-дан 108-ге дейін өзгеріп отырды, бұл өңірлердің демографиялық айырмашылықтарына байланысты болды. Мысалы, Түркістан облысында ауыл халқының үлесі жоғары болғандықтан, бұл өңірдің құрылымы да соған сәйкес қалыптасты.


1-кесте. Респонденттердің әр өңір бойынша қалалық және ауылдық іріктеме үлесі

Облыс\қала	Іріктеме жиынтығы		
	қала	ауыл	барлығы
Ақмола	21	22	43
Ақтөбе	29	15	44
Алматы	14	55	69
Жетісу	13	22	35
Атырау	19	16	35
Батыс Қазақстан	19	16	35
Жамбыл	27	40	67
Қарағанды	42	11	53
Ұлытау	19	12	31
Қостанай	34	9	43
Қызылорда	20	29	49
Маңғыстау	20	21	41
Түркістан	21	87	108
Павлодар	24	10	34
Солтүстік Қазақстан	15	19	34
Шығыс Қазақстан	25	17	42
Абай	16	14	30
Астана қаласы	60	1	61
Алматы қаласы	100	0	100
Шымкент қаласы	63	1	64
Барлығы	602	416	1018

Білім деңгейі бойынша қарастырғанда, респонденттердің басым бөлігін жоғары білімділер (46,6%) және орта арнаулы білім алғандар (23,6 %) құрайды. Яғни сауалнамаға қатысушылардың жартысынан астамы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ие, ал шамамен төрттен бірі колледж түлектері. Бұл көрсеткіш зерттеу тақырыбына қатысты сұрақтарға саналы әрі негізделген жауаптар берілуіне ықпал етуі

мүмкін. Сонымен қатар білім деңгейі жоғары респонденттердің үлесінің басымдығы қоғамдық мәселелерге деген көзқарастың қалыптасуына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылды.

Отбасылық жағдайына келсек, респонденттердің басым бөлігі отбасылы болып шықты. Олардың үлесі 63,3 %-ды құрайды. Жалғызбастылар – 21,0%, ал ажырасқандар мен жесірлердің үлесі шамамен 16% құрады. Бұл көрсеткіштер отбасылық құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесіне қатысты көзқарастарды талдауда маңызды контекст қалыптастырады.




2-сурет. Респонденттердің діни сенімі

Діни сенім бойынша респонденттердің көпшілігі ислам дінін ұстанады (71,1 %). Православ христиандардың үлесі – 14,2 %. Шамамен әрбір ониншы респондент өзін дінге сенбейтін немесе атеист ретінде көрсеткен (10,4 %). Басқа конфессиялардың үлесі 1-2%-дан аспайды. Бұл Қазақстанның жалпы демографиялық және конфессиялық бейнесіне сәйкес келеді.

Ұлттық құрамы жағынан іріктемеде қазақтар басым болды. Олардың үлесі 70,8%-ды құрайды. Орыстардың үлесі – 15,6%. Өзбек, татар, кәріс, ұйғыр ұлтынан шамамен 2-3% болды. Бұл өңірлердің этникалық әртүрлілігін көрсетеді.

Қожа Ахмет Ясауи және оның ілімі туралы хабардарлық және қабылдау деңгейі



3-сурет. «Сіз Қожа Ахмет Ясауиді білесіз бе?»

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің көпшілігі Қожа Ахмет Ясауи тұлғасын білетінін немесе кем дегенде ол туралы естігенін көрсетеді. Атап айтқанда, қатысушылардың 84,1 %-ы Ясауи есімімен таныс екенін растаған. Бұл көрсеткіш Ясауи бейнесінің Қазақстан қоғамында кең таралғанын және оның жоғары символдық танымға ие екенін айғақтайды.

Ясауи туралы білім деңгейін тереңірек талдау кезінде мазмұндық білімнің жеткіліксіз екені байқалды. Респонденттердің өзін-өзі бағалауы бойынша Ясауи тұлғасы мен ілімі туралы орташа білім деңгейі 5 балдық шкалада 2,96 балды құрап, «төмен-орташа» деңгейге сәйкес келеді.

Нақтырақ айтқанда, респонденттердің 39,6 %-ы өз білімін «орташа деңгейден төмен» (1-2 балл) деп бағаласа, 31,1 %-ы «орташа» (3 балл) деңгейде деп көрсеткен. Тек 29,3 %-ы ғана Ясауи туралы білімін жоғары (4-5 балл) деп бағалаған. Бұл Ясауи есімінің танымалдығы мен оның ілімінің мазмұндық деңгейде меңгерілуі арасында айқын алшақтық бар екенін көрсетеді.

Гендерлік айырмашылықтарды талдау барысында ерлер мен әйелдер арасындағы білім деңгейінде елеулі айырмашылық байқалған жоқ. Ер адамдар өз білімін жоғарырақ бағалауға бейім болғанымен, айырмашылық мардымсыз: ерлер үшін орташа көрсеткіш 3,04 балл болса, әйелдер үшін 2,89 балды құрады. Әйелдер 1-3 балл аралығындағы бағаларды жиірек таңдаса, ерлер арасында 4-5 баллдық бағалар сәл көбірек кездеседі. Дегенмен, екі топта да Ясауи туралы білім деңгейі негізінен орташа шамада қалып отыр.

2-кесте. Жынысы мен жасы бойынша Қ.А. Ясауи туралы білім деңгейі (орташа балл)

Жас	Әйелдер	Еркектер
18-29	2.75	2.86
30-39	2.83	2.88
40-49	2.96	3.03
50-59	2.90	2.97
60-69	3.04	3.37
70+	2.96	3.53
Барлығы	2.89	3.04

Респонденттердің 47,6 %-ы ғана Қожа Ахмет Ясауидің негізгі еңбегі ретінде «Диуани хикметті» атай алған. Бұл Ясауи есімін білетіндердің жартысына жуығы оның басты әдеби және рухани мұрасымен нақты таныс емес екенін көрсетеді. Аталған дерек Ясауи тұлғасының кең танымалдылығы мен ілімінің мазмұндық деңгейде меңгерілуі арасындағы айқын алшақтықты айғақтайды.

Ясауи ілімімен (тариқат, хикметтер) таныстық деңгейі бұдан да төмен болып шықты. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша орташа көрсеткіш 5 балдық шкалада 2,55 балды ғана құрады. Респонденттердің 28,3 %-ы Ясауи ілімімен мүлде таныс емес (1 балл) деп жауап берсе, тек 10,0 %-ы ғана өз білімін ең жоғары деңгейде (5 балл) бағалаған. Осылайша, аудиторияның едәуір бөлігі үшін Ясауи туралы білім үстірт сипатта қалып отыр: көпшілік оның тұлғасымен таныс, алайда ілімінің мазмұнын терең білмейді.

«Қожа Ахмет Ясауи кім?» деген сұраққа берілген жауаптар респонденттердің Ясауи тұлғасына қатысты фрагменттік, бірақ жалпы алғанда оң көзқараста екенін көрсетті. Көбінесе ол діни қайраткер және рухани ұстаз ретінде сипатталады. Бұл оның сопылық дәстүрдегі және түркі мәдениетіндегі тарихи орнына сәйкес келеді. Сонымен қатар респонденттердің елеулі бөлігі Ясауиді ақын, «Диуани хикметтің» авторы және сопылық ағымның негізін қалаушы ретінде атап өткен.



4-сурет. «Қожа Ахмет Ясауи кім?»

Көбінесе Ясауидің бейнесі сопылық рухани ұстаз және діни қайраткер ретінде қабылданады. Кейде бұл сипаттамалар оның поэзиялық мұрасы мен хикметтерімен толықтырылады. Алайда сауалнамаға қатысқандардың шамамен 15 %-ы Қожа Ахмет Ясауидің нақты кім екенін білмейтінін ашық мойындаған. Бұл көрсеткіш діни-мәдени ақпараттандыру деңгейінің біркелкі емес екенін аңғартады.

Жауаптардың шамамен жартысында Ясауи тұлғасы діни қайраткер, ақын, сопылық тариқаттың негізін қалаушы және рухани ұстаз ретінде бірнеше рөл арқылы қатар сипатталған. Деректер Ясауи бейнесінің қоғамдық санада кең таралғанын көрсеткенімен, нақты тарихи мәліметтер мен ілімнің мазмұндық қырлары бойынша білім деңгейінің шектеулі екенін дәлелдейді. Негізгі қабылдау үлгісі «діни қайраткер/уағызшы» бейнесімен сипатталады, одан кейін «ақын/жазушы» және «сопылық ағымның негізін қалаушы» санаттары тұр.

Діни өзін-өзі бағалау деңгейі артқан сайын Ясауи бейнесі де нақтылана түсетіні байқалады. Яғни, діни білімі жоғары респонденттер оны тек тарихи немесе мәдени тұлға ретінде емес, ең алдымен сопылық рухани ұстаз ретінде қабылдайды. Гендерлік айырмашылықтар бұл тұрғыда айқын байқалмайды, алайда жас ерекшеліктері елеулі рөл атқарады. Егде жастағы топтарда «сопы», «рухани ұстаз» деген анықтамалар жиі қолданылса, жастар арасында «мемлекеттік қайраткер», «ақын» сияқты жалпылама сипаттамалар басым болды. Ясауидің қызмет саласын білмеу де жиі кездеседі.

Өңірлік талдау Оңтүстік және Орталық Қазақстанда Ясауи бейнесінің рухани дәстүрмен тығыз байланыста екенін, әрі салыстырмалы түрде тереңірек қабылданатынын көрсетті.

Ал солтүстік өңірлер мен ірі мегаполистерде Ясауи тұлғасын зайырлы-мәдени тұрғыда қабылдау және оны білмеу деңгейі жоғарырақ болып шықты.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігі Қожа Ахмет Ясауидің негізгі рөлі жөнінде жалпы дұрыс түсінікке ие екенін көрсетті. Атап айтқанда, қатысушылардың 71,1 %-ы оны түркі әлемінің сопылық ойшылы ретінде таныса, 66,6 %-ы «Диуани хикмет» еңбегінің авторы екенін дұрыс айтты. Бұл деректер Ясауи тұлғасының кеңістіктік-символдық бейнесі қоғамдық санада жақсы орныққанын айғақтайды.

3-кесте. «Ясауи туралы қай тұжырымдармен келісесіз?»

Мәлімдеме	Дұрыс, %	Дұрыс емес, %	Жауап беруге қиналамын, %
Ясауи – түркі әлемінің сопылық ойшылы	71,1	0,6	28,3
Оның өмірі Түркістанмен (Ясы) байланысты	76,7	1,3	22,0
«Диуани хикмет» авторы	66,6	1,6	31,8
XIX ғасырда өмір сүрген (қате ақпарат)	10,6	47,4	42,0
Түркістандағы кесене оның атымен аталған	78,1	1,7	20,3
Ясауи — сопылық тариқаттардың бірінің негізін қалаушы	64,3	2,2	33,5

Ясауи мұрасының мәтіндік және тарихи-хронологиялық қырлары бойынша білім деңгейі айтарлықтай төмен екені анықталды. Респонденттердің шамамен үштен бірі Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегімен және сопылық тариқатпен тікелей байланысын нақты растай алмады. Бұған қоса, респонденттердің жартысына жуығы Қожа Ахмет Ясауиді XIX ғасырда өмір сүрген деген қате тұжырымды сенімді түрде жоққа шығара алмаған. Бұл жағдай базалық тарихи білімнің фрагменттік әрі үстірт сипатта екенін көрсетеді.

Жас ерекшелігі мен білім деңгейі бойынша талдау да осы үрдісті растайды. Жас буын өкілдері мен білім деңгейі төмен респонденттер Ясауи туралы нақты деректерді әлдеқайда сирек біледі: барлық қатысушылардың шамамен 35 %-ы ғана бұл мәліметтерден хабардар екенін көрсетті. Керісінше, жоғары білімді респонденттер арасында Ясауидің тариқаттың негізін қалаушы әрі «Хикметтер» авторы ретіндегі рөлі жиірек расталды.

4-кесте. «Ясауи туралы қай тұжырымдармен келісесіз?» (жас ерекшелігі бойынша)

Жас	Сопы	Түркістан	Диуани хикмет	XIX ғасыр (қате)	Кесене	Тариқат
18-29	69,2%	76,8%	65,7%	11,1%	80,8%	62,1%
30-39	71,7%	77,2%	66,2%	14,3%	78,1%	64,6%
40-49	70,2%	74,0%	62,6%	8,9%	73,2%	59,1%
50-59	70,1%	75,2%	65,0%	8,0%	77,4%	66,4%
60-69	77,2%	81,2%	75,2%	10,9%	82,2%	77,2%
70+	71,7%	80,4%	73,9%	4,3%	80,4%	66,3%

Жас ерекшелігі бойынша жүргізілген талдау Қожа Ахмет Ясауидің өмір сүрген дәуіріне қатысты барлық жас топтарында білім деңгейі төмен екенін көрсетті. Респонденттердің

7 %-ден 14 %-ы Ясауиді XIX ғасырда өмір сүрді деп қате есептеген. Бұл қате түсінік жас айырмашылығына қарамастан кең таралған.

Сонымен бірге, Ясауи мұрасына қатысты ең жоғары білім деңгейі 60-69 жас аралығындағы және 70 жастан асқан респонденттер арасында байқалды. Аталған көрсеткіштер бұл топтарда 75 % шамасында. Сопылық тариқат туралы білім де осы жастағыларда жоғары (77,2 %). Бұл жастағы респонденттер Ясауи мұрасын тарихи және рухани дәстүрмен тығыз байланыстыра қабылдайды.

18-39 жас аралығындағылар Қожа Ахмет Ясауи туралы салыстырмалы түрде төмен деңгейде хабардар. Бұл жерде мәселе оның тұлғасын тануда емес. Негізгі қиындық – Ясауидің қай дәуірде өмір сүргенін және тарихи контекстін нақты білмеуде. Мұндай нәтиже жастар арасында Ясауи мұрасын мазмұндық және тарихи тұрғыдан жүйелі түрде түсіндіру қажет екенін көрсетеді.

5-кесте. «Ясауи туралы қай тұжырымдармен келісесіз?» (діндарлық деңгейі бойынша)

Діндарлық	Сопы	Түркістан	Диуани хикмет	XIX ғасыр (қате)	Кесене	Тариқат
1 (діндар емес)	38,5%	49,6%	34,2%	13,7%	61,5%	27,4%
2	47,3%	63,4%	40,2%	15,2%	60,7%	35,7%
3	63,4%	69,6%	53,1%	12,9%	68,6%	47,4%
4	80,6%	85,1%	77,8%	9,4%	85,8%	78,1%
5 (өте діндар)	88,9%	88,9%	87,5%	7,4%	89,9%	87,5%

5-кестеде «Ясауи туралы қай тұжырымдармен келісесіз?» деген сұраққа берілген жауаптар діндарлық деңгейі бойынша салыстырылып көрсетілген. Деректер Ясауи туралы негізгі мәліметтерді білу деңгейі діндарлықпен тікелей байланысты екенін анық көрсетеді.

Діндар емес респонденттер арасында Ясауиді сопылық ойшыл ретінде тану көрсеткіші 38,5 %-ды құрайды. «Диуани хикметтің» авторы екенін білетіндер – 34,2 %, ал тариқаттың негізін қалаушы ретіндегі рөлін танитындар – 27,4 % ғана. Сонымен қатар осы топта Ясауиді XIX ғасырда өмір сүрген деп есептейтіндер үлесі салыстырмалы түрде жоғары (13,7 %).

Діндарлық деңгейі артқан сайын Ясауи мұрасына қатысты білім де біртіндеп өседі. Діндарлық деңгейі орташа (3 балл) респонденттер арасында Ясауиді сопы ретінде тану 63,4 %-ға жетеді. «Диуани хикметтің» авторы ретінде білетіндер – 53,1 %, ал тариқатпен байланысын мойындайтындар – 47,4 %.

Ең жоғары көрсеткіштер діндарлығы жоғары және өте діндар респонденттер тобында байқалады. Бұл топтарда Ясауидің сопылық мәртебесі, Түркістанмен байланысы, «Диуани хикмет» авторлығы және тариқаттың негізін қалаушы рөлі 80-90 % шамасында расталады. Діндарлық артқан сайын Ясауиді XIX ғасырмен байланыстыратын қате пікірдің үлесі де айтарлықтай азаяды (9,4 %-дан 7,4 %-ға дейін).

Жалпы алғанда, Ясауи туралы негізгі деректерді білу деңгейі барлық әлеуметтік топтарда бірдей емес. Ер адамдар мен егде жастағы респонденттерде бұл көрсеткіш

сәл жоғары болғанымен, шешуші фактор ретінде аймақ пен діндарлық деңгейі алға шығады. Оңтүстік және Орталық Қазақстанда, сондай-ақ діндарлығы жоғары топтарда Ясауи мұрасына қатысты дұрыс білім 80-90% деңгейіне жетеді.

Керісінше, Солтүстік өңірлерде, ірі қалаларда және дінге сенбейтін топтарда Ясауи туралы білім үзік сипатта қалып отыр. Бұл топтарда сопылық ілім мен мәтіндік мұра әлсіз танылған. Тарихи кезеңге қатысты қателіктер де жиі кездеседі.

«Сіздің ойыңызша, Ясауи ілімі нені білдіреді?» деген сұраққа берілген жауаптар Ясауи іліміне қатысты қоғамдық түсініктің күрделі әрі көпқырлы екенін көрсетті. Көпшілік оны бір ғана қырмен шектемейді.

Жауаптарды талдау барысында төрт негізгі бағыт айқындалды. Респонденттердің 38,1 %-ы Ясауи ілімін философиялық мұра ретінде қабылдайды. 33,2 %-ы оны діни ілім деп есептейді. 18,8 %-ы ілімді мәдени және адамгершілік жүйе ретінде сипаттайды. Ал 33,4 %-ы Ясауи ілімін осы қырлардың барлығын біріктіретін тұтас рухани жүйе ретінде қабылдайды екен.

6-кесте. Ясауи ілімін қабылдаудағы әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтар (жынысы бойынша)

Жынысы	Философиялық мұра	Діни ілім	Мәдени-адамгершілік жүйе	Бәрі бірге
Әйелдер	42,3%	30,7%	15,8%	33,9%
Ер адамдар	33,6%	35,9%	22,0%	32,8%

Жыныстық айырмашылықтар байқалғанымен, олар айқын шектен шықпайды. Әйелдер Ясауи ілімін философиялық мұра ретінде жиі қабылдайды. Бұл көрсеткіш 42,3 %-ды құрайды. Ал ер адамдар арасында ілімді діни тұрғыдан түсіндіру үлесі жоғарырақ (35,9 %). Ерлер Ясауи ілімінің мәдени-адамгершілік қырын да әйелдерге қарағанда жиі атап өтеді (22,0 %). Бұл айырмашылық әйелдердің ілімді рухани-гуманистік және ой елегінен өткізілетін тәжірибе ретінде қабылдауға бейім екенін көрсетеді. Ал ер адамдар көбіне діни нормалар мен дәстүрлі құндылықтар жүйесіне сүйенеді. Соған қарамастан, «бәрі бірге» деген жауап нұсқасының екі топта да шамалас болуы Ясауи ілімін тұтас, интегралды рухани жүйе ретінде қабылдау әлеуетінің жоғары екенін аңғартады.

7-кесте. Ясауи ілімін қабылдаудағы әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтар (жас ерекшелігі бойынша)

Жас	Философиялық мұра	Діни ілім	Мәдени-адамгершілік жүйе	Бәрі бірге
18-29	43,9%	32,8%	17,7%	30,3%
30-39	40,5%	37,1%	19,0%	34,6%
40-49	37,0%	32,3%	18,7%	32,8%
50-59	29,2%	29,9%	15,3%	38,0%
60-69	41,6%	28,7%	20,8%	33,7%
70+	33,7%	37,0%	23,9%	30,4%

Жас ерекшелігіне байланысты айырмашылықтар бұл жерде айқын көрінеді. 18-29 жастағы респонденттер арасында Ясауи ілімін философиялық тұрғыдан қабылдау басым. Бұл көрсеткіш 43,9 %-ды құрайды. Мұндай нәтиже жастардың ілімді көбіне абстрактілі және дүниетанымдық категориялар арқылы түсіндіретінін көрсетеді. 30-39 жас аралығында діни түсіндіру үлесі ең жоғары деңгейге жетеді (37,1 %). Ал 50-59 жастағы респонденттер Ясауи ілімін «бәрі бірге» деп қабылдауға бейім. Яғни олар ілімді тұтас рухани-діни кешен ретінде көреді. Бұл топта көрсеткіш 38,0 %-ды құрайды.

Егде жастағы топтарда, атап айтқанда 60-69 және 70 жастан асқандар арасында, моральдық және адамгершілік мазмұнға басымдық айқын байқалады. Бұл көрсеткіштер тиісінше 20,8 % және 23,9 %. Мұндай айырмашылық ілімді қабылдау өмірлік тәжірибемен бірге өзгертетінін аңғартады. Жастар философиялық ізденіске, орта жастағылар діни мазмұнға, ал егде буын адамгершілік пен этикалық мәнге көбірек көңіл бөледі.

#### 8-кесте. Ясауи ілімін қабылдаудағы айырмашылықтар (өңірлер бойынша)

Аймақ	Философиялық мұра	Діни ілім	Мәдени-адамгершілік жүйе	Бәрі бірге
Шығыс	46,9%	12,5%	16,7%	38,5%
Батыс	28,4%	23,2%	14,2%	40,0%
Мегаполистер	38,2%	47,1%	17,3%	24,9%
Солтүстік	30,5%	39,0%	17,5%	21,4%
Орталық	35,7%	26,2%	19,0%	44,0%
Оңтүстік	45,1%	33,4%	23,5%	37,9%

Аймақтық талдау жүргізу қабылдаудың біркелкі емес екенін көрсетті. Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда Ясауи ілімі көбіне философиялық және рухани дәстүр ретінде қабылданады. Бұл көрсеткіштер тиісінше 45,1 % және 46,9 %.


Солтүстік өңірлер мен мегаполистерде діни түсіндіру басым. Мұнда көрсеткіштер 39,0 % және 47,1 % деңгейінде. Мұндай нәтиже урбанизацияның және зайырлы қоғамдық дискурстың ықпалы болуын көрсетеді.

Орталық және Батыс Қазақстанда «бәрі бірге» деген жауап жиі кездеседі. Бұл өңірлерде көрсеткіштер тиісінше 44,0 % және 40,0 %-ды құрайды. Яғни Ясауи ілімі бұл жерлерде сенім, философия және моральдық құндылықтардың біртұтас жүйесі ретінде қабылданады.

#### 9-кесте. Ясауи ілімін қабылдаудағы айырмашылықтар (дінилік деңгейі бойынша)

Діндарлық деңгейі	Философиялық мұра	Діни ілім	Мәдени-адамгершілік жүйе	Бәрі бірге
1 (діндар емес)	42,7%	25,6%	19,7%	16,2%
2	41,1%	37,5%	17,0%	15,2%
3	29,9%	39,7%	14,9%	23,2%
4	42,0%	29,2%	16,0%	44,1%
5 (өте діншіл)	36,8%	34,1%	24,3%	43,2%

Діндарлық деңгейі Ясауи ілімін қабылдауда маңызды рөл атқарады. Дінге сенбейтін және діндарлығы төмен респонденттер арасында философиялық түсіндіру басым. Бұл көрсеткіш 42-43 % аралығында. Орташа діндарлық деңгейінде ілім көбіне діни дәстүр ретінде қабылданады. Мұнда көрсеткіш 39,7 %-ды құрайды. Ал діндарлығы жоғары және өте діншіл топтарда «бәрі бірге» деген жауап жиі кездеседі. Бұл топтарда үлес 43-44 % деңгейінде. Яғни, ілім сенім, мораль және рухани тәжірибені біріктіретін тұтас жүйе ретінде қабылданады.



5-сурет. Қ.А. Ясауи кесенесіне бару тәжірибесі

Сауалнама нәтижелері Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті. Респонденттердің 53,5%-ы Түркістан қаласына кемінде бір рет барған. Олардың 26,4%-ы бұл жерге бірнеше рет келгенін айтқан. Бұл деректер Ясауи кесенесінің тұрақты зиярат және маңызды мәдени-рухани орын ретіндегі рөлін айқындайды.

Респонденттердің 25,9%-ы алдағы уақытта Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне баруды жоспарлап отырғанын айтты. Бұл Түркістанға деген қызығушылықтың әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Ал сауалнамаға қатысқандардың 20,5 %-ы осы уақытқа дейін кесенеде болмағанын, әрі жақын уақытта баруды жоспарламайтынын атап өтті.

Бұл деректер Түркістан қаласы мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қазақстан қоғамында кеңінен танылған мәдени-рухани нысан екенін көрсетеді. Сонымен қатар бұл орынға деген қоғамдық қызығушылықтың жоғары деңгейде сақталып отырғаны байқалады.

Тұтастай алғанда, Қожа Ахмет Ясауи ілімін қабылдау Қазақстан қоғамында бір ғана өлшеммен шектелмейді. Ол философиялық-дүниетанымдық, діни, моральдық-этикалық және мәдени қырларды біріктіретін көпқабатты сипатқа ие. Әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтар бұл қабылдаудың әртүрлі топтарда әрқалай көрінетінін көрсетеді. Діндарлық деңгейі артқан сайын Ясауи ілімі кешенді рухани-адамгершілік жүйе ретінде қабылданады. Ал жас ерекшелігі мен аймақтық факторлар оның мазмұнын түсіндіруге елеулі әсер етеді.

## Талқылау

Зерттеу нәтижелері Ясауи тұлғасының қазіргі Қазақстан қоғамында ерекше символдық мәртебеге ие екенін көрсетті. Алайда бұл ілімнің мазмұндық деңгейде терең

меңгерілуімен қатар жүрмейді. Мұндай құбылысты дінтанулық тұрғыдан «мәдени діндарлық» және «символдық дін» ұғымдары арқылы түсіндіруге болады.

Мәдени діндарлық жағдайында діни тұлғалар мен идеялар нақты діни тәжірибеден гөрі мәдени жад, тарихи бейне және ұлттық бірегейлік аясында қабылданады. Қожа Ахмет Ясауи бейнесі де осы үрдіске сай қалыптасқан. Ол қоғам үшін рухани бағдарды, тарихи сабақтастықты және мәдени символды білдіреді.

Зерттеу нәтижелері білім деңгейі мен діни сауаттылық артқан сайын Ясауи іліміне деген қызығушылықтың да күшейетінін көрсетті.

Зерттеу Ясауи тұлғасының қоғамда діни көшбасшыдан гөрі рухани-мәдени символ ретінде қабылданатынын көрсетті. Мұндай жағдайда діни білім көбіне жүйелі теологиялық дайындықтан емес, фрагменттік ақпарат көздерінен қалыптасады. Бұл үрдіс сауалнама барысында да анық байқалды. Респонденттердің көпшілігі Ясауи туралы мәліметті мектептен, отбасынан, мәдени ортадан немесе жалпы тарихи жад арқылы алған. Ал оның негізгі еңбектерін толық оқығандардың үлесі салыстырмалы түрде төмен болып шықты.

## **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен 18 жастан асқан 1018 респондентті қамтыды. Зерттеудің басты мақсаты Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы мен оның рухани мұрасына қатысты қоғамдық хабардарлық деңгейін және ілімді қабылдау ерекшеліктерін анықтау болды.

Респонденттердің көпшілігі (88 %) Қожа Ахмет Ясауи есімін естіген, бірақ нақты білім деңгейі төмен – орташа балл 2,96 (5 балдық шкала бойынша).

Негізгі мәселе – ақпараттың бөлшектілігі мен беткейлігі: адамдар тек есімін және кейбір цитаталарын біледі, бірақ ілімнің терең мазмұнын түсінбейді, өмірбаянынан деректерді, өмір кезеңін немесе мәтіндік мұраларды дұрыс сәйкестендіре алмайды. Жоғары танымдылыққа қарамастан, тұжырымдамалық хабардарлық төмен.

Көпшілік Ясауи ілімін діни, философиялық және моральдық-әдептік қағидалардың жиынтығы ретінде сипаттайды.

Халықтың үштен бірі ілімнің негізгі элементтерін атай алмайды, «Диуани Хикмет» жайында білім тек цитаталар мен жалпы бейнелермен шектелген. Ілім адамдар санасында жүйелі емес, мәдени символ ретінде қабылданады.

Оңтүстік және Орталық Қазақстанда (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) Ясауи туралы білім жоғары; мегаполистер мен Солтүстік аймақтарда білім атүсті сипатта.

Дінге сенім – негізгі фактор: дінге сенім деңгейі жоғары болған сайын, ілімді түсіну тереңдейді және оның ықпалы артады. Ясауи тек мәдени символ ғана емес, сонымен қатар аймақтық рухани дәстүр элементі ретінде қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы қоғамда оң қабылданатын, бірақ жеткілікті терең түсіндірілмеген мәдени-рухани ресурс. Ясауи бейнесі белгілі, бірақ ілімнің мазмұны қосымша түсіндіруді, заманауи тілді және қолжетімді білім беру форматтарын талап етеді.

### Әдебиеттер

- Асфендияров, С.Д. (1998) Қазақстан тарихының очерктері (ежелгі дәуірден бүгінге дейін). Алматы: «Санат» баспасы, 3-басылым, 320 б.
- Cebecioğlu, E. (1996). Ahmet Yesevi: Hayatı, Eserleri, Fikirleri, Tesirleri. In M. Şeker & N. Yılmaz (Eds.), Hoca Ahmed Yesevi ve Tasavvuf Anlayışı, ss. 140–218. İstanbul: Seha Neşriyat.
- DeWeese, D. (1994). Islamization and Native Religion in the Golden Horde. University Park: Penn State University Press.
- DeWeese, D. (2013). Ahmad Yasavi and the Divan-i Hikmat in Soviet Scholarship. In M. Kemper (Ed.), The Heritage of Soviet Oriental Studies (Routledge Contemporary Russia and Eastern Europe Series 25). London: Routledge.
- Harris, R. (2019). Text and Performance in the Hikmät of Khoja Ahmad Yasawi. *Rast Müzikoloji Dergisi*, 7(2), 2152–2168. URL: <https://doi.org/10.12975/pp2152-2168> (қол жеткізілген күні: 25.10.2025).
- Kılıç, M. E. (2018). Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri. Z. Güngör (ed.), Ahmed Yesevî ve Hikmet Geleneği, ss. 21–36. Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi.
- Schimmel, A. (1975). *Mystical Dimensions of Islam*. Chapel Hill: University of North Carolina Press.
- Tayşi, M. S. (1996). Ahmed-i Yesevî. In Hoca Ahmed Yesevî (pp. 39–40, 46, 58). Ыстамбұл.
- Trimingham, J. S. (1971). *The Sufi Orders in Islam*. Oxford: Oxford University Press.
- Кенжетаяев Д. (2012). Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны (монография). Түркістан: А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 287 б.
- Нуртазина Н.Д. (2016) Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции. Алматы: Қазақ университеті, 354 с.
- М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, Ж. Кәриева. (ауд). (2002) Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Алматы: Жалын, 272 б

### References

- Asfendiyarov, S. D. (1998). Qazaqstan tarihyның ocherkteri (ezhelgi дәuirden бүginge deiin) [Essays on the History of Kazakhstan (From Ancient Times to the Present)]. Almaty: Sanat Publishing House. 3rd ed., 320 p. [In Kazakh].
- Cebecioğlu, E. (1996). Ahmet Yesevi: Hayatı, Eserleri, Fikirleri, Tesirleri. [Ahmed Yasawi: His Life, Works, Ideas and Influence] In M. Şeker & N. Yılmaz (Ed.), Hoca Ahmed Yesevi ve Tasavvuf Anlayışı [Khoja Ahmed Yasawi and the Understanding of Sufism], pp. 140–218. İstanbul: Seha Neşriyat. [In Turkish].
- DeWeese, D. (1994). Islamization and Native Religion in the Golden Horde. University Park: Penn State University Press.
- DeWeese, D. (2013). Ahmad Yasavi and the Divan-i Hikmat in Soviet Scholarship. In M. Kemper (Ed.), The Heritage of Soviet Oriental Studies. London: Routledge.
- Harris, R. (2019). Text and Performance in the Hikmät of Khoja Ahmad Yasawi. *Rast Müzikoloji Dergisi*, 7(2), 2152–2168. URL: <https://doi.org/10.12975/pp2152-2168> (accessed: 25.10.2025).
- Kılıç, M. E. (2018). Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri. [Conversations on the Divan of Wisdom]. In Z. Güngör (Ed.), Ahmed Yesevî ve Hikmet Geleneği [Ahmed Yasawi and the Tradition of Hikmat] pp. 21–36. Ankara: Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University. [In Turkish].
- Schimmel, A. (1975). *Mystical Dimensions of Islam*. Chapel Hill: University of North Carolina Press.
- Tayşi, M. S. (1996). Ahmed-i Yesevi [Ahmed-i-Yasawi] Istanbul. [In Turkish].
- Trimingham, J. S. (1971). *The Sufi Orders in Islam*. Oxford: Oxford University Press.
- Kenzhetayev, D. (2012). Qoja Ahmet Yasauı dunietanımyның turki islam filosofiyasy tarihyndaghy orny [The Place of Khoja Ahmed Yasawi’s Worldview in the History of Turkic Islamic Philosophy] (Monograph). Turkistan: A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 287 p. [In Kazakh].
- Nurtazina, N. D. (2016). Rasprostranenie islama i formirovanie kazakhskoy musul’manskoı traditsii [The Spread of Islam and the Formation of the Kazakh Muslim Tradition]. Almaty: Qazaq Universiteti, 354 p. [In Russian].
- Zharmukhameduly, M., Shafighi, M., & Kariyeva, Zh. (Trans.). (2002). Hikmet Haziret Sultan Qoja Ahmet Yasauı [The Wisdom of Hazret Sultan Khoja Ahmed Yasawi]. Almaty: Zhalyın, 272 p. [In Kazakh].

### **Қаржыландыру**

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысымен жүргізілген (грант № BR28713063 «Ясауи жолы: Қазақстандағы дәстүрлі сопылық ілімнің діни-философиялық, әдеби және лингвистикалық мұрасын кешенді зерттеу»).

### **Авторлардың үлесі**

**Нухсатқызы Л.** – мақаланың мәтінін жазу, эмпирикалық социологиялық деректерді жинау және өңдеу, дереккөздермен жұмыс және мақаланы техникалық рәсімдеу.

**Смагулов М.** – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыру, дінтанулық талдау жүргізу, ғылыми интерпретация және мақаланың қорытынды тұжырымдарын жасау, мәтінді ғылыми редакциялау.

**Бектенова М.** – дереккөздермен жұмыс және мақаланы техникалық рәсімдеу, эмпирикалық социологиялық деректерді жинау және өңдеу, мәтінді ғылыми редакциялау.

**Мүдделер қақтығысы.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

### **Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors:**

**Лаура Нухсатқызы** – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, 010010, Астана, Қазақстан, 010010, Астана, Қазақстан, lauranukhsat@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2719-7125>

**Лаура Нухсатқызы** – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010010, Астана, Казахстан, lauranukhsat@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2719-7125>

**Laura Nukhsatkyzy** – PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Street, 010010, Astana, Republic of Kazakhstan, lauranukhsat@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2719-7125>

**Мурат Смагулов** – PhD, Ислам зерттеу орталығының басшысы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 13/6, 010000, Астана, Қазақстан, murat\_smagulov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8036-7245>

**Мурат Смагулов** – PhD, руководитель Центра исламских исследований, ул. Шәймерден Қосшығұлұлы, 13/6, 010000, Астана, Казахстан, murat\_smagulov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8036-7245>

**Murat Smagulov** – PhD, Head of the Islamic Research Center, 13/6 Shaimerden Kosshygululy Street, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan, murat\_smagulov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8036-7245>

**Мадина Бектенова** – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, 010010, Астана, Қазақстан, mbektenova13@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0697-9673>

**Мадина Бектенова** – PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010010, Астана, Казахстан, mbektenova13@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0697-9673>

**Madina Bektenova** – PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Street, 010010, Astana, Republic of Kazakhstan, mbektenova13@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0697-9673>

### **Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article**

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 13.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026